ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ БАСҚАРМАСЫ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

АКИМАТ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПОК КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

«10» 07 2018 ж./г. № 211-НҚ

Қызылорда қаласы город Кызылорда

«Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, конкурстық комиссияны бекіту, конкурстық комиссияның хатшысын және өкілдік ететін лауазымды адамды айқындау туралы» 15.06.2018 жылғы №185-НҚ және 19.06.2018 жылғы №190-НҚ бұйрықтарына өзгеріс енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 65-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасының Қаржы Министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бекітілген, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасына» сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Басқарманың «Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, конкурстық комиссияны бекіту, конкурстық комиссияның хатшысы мен өкілдік ететін лауазымды адамды айқындау туралы» 15.06.2018 жылғы №185-НҚ және 19.06.2018 жылғы №190-НҚ бұйрықтарындағы конкурстық комиссиясының құрамына қызметтік қажеттілікке байланысты төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

"Қазалы ауданы "Қожабақы-Бекарыстан би" аудандық маңыздағы автомобиль жолының 25 шақырымындағы темірбетон көпірін қайта жаңғырту жұмыстары" бойынша комиссия төрағасы - «Қазалы ауданының әкімі - **Ергешбаев Мурат Нальхожаевич**» деген сөздер «Қазалы ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы - **Абиев Алиби Берикович**» деген сөздерге ауыстырылсын.

"Қазалы ауданы әкімдігі ғимаратының құрылысы" жұмыстары бойынша комиссия төрағасы - «Қазалы ауданының әкімі - **Ергешбаев Мурат Нальхожаевич**» деген сөздер «Қазалы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы - **Тыштықов Бахытжан Тыштықұлына**» деген сөздерге ауыстырылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау басқарма басшысының орынбасары Т. Исмағұловқа тапсырылсын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негізі: Қазалы ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің 10.07.2018 жылғы №01-5/237 және Құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің 10.07.2018 жылғы №145 хаттары.

Басқарма басшысының міндетін атқарушы **С. Айтмамбетов**

000618